Конкурстық құжаттамаға
2-3-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы	"Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушының атауы	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	87935188
Лоттың атауы	Күзет қызметтері
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	801012.000.000002
Қызметтің атауы:	Күзет қызметтері
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын қоспағанда бірлік бағасы:	173000000.04
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	173000000.04
Қызметтерді көрсету мерзімі:	2027 жылғы 01 қантардан бастап 31 желтоқсанды қоса
Қызметтерді көрсету орны:	Астана қ., Нұра ауданы Д. Қонаев к-сі,1
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	1. Тапсырыс беруші туралы жалпы мәлімет Күзет объектісінің атауы: «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» КеАҚ (бұдан әрі – Объект), мекенжайы: Астана қ., Қонаев к-сі, 1 (ғимарат пен іргелес аумақ). Объектінің сипаттамасы: Объект адам көп жиналатын мәдени құрылымдары санатына жатады, оған мыналар кіреді: • басты холл және касса аймағы; • үлкен, мәрмәр және камералық залдар, «Барокко» залы; • сахна және сахна сыртындағы орынжайлар; • дайындық залдары; • әкімшілік кабинеттер; • қойма аймақтары мен өндірістік цехтар; • сыртқы периметр мен іргелес аумақ; • тұрақ аймақтары (ашық және жабық тұрақ). Қызметтерді көрсету мерзімі: 12 ай. Қызметтер «Күзет қызметі туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығы және күзет қызметтерін көрсету саласындағы қызметті реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес көрсетілуге тиіс. 2. Қызметтерді орындаушының мақсаттары мен міндеттері: 1) Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес күзетілетін Объектінің жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету; 2) материалдық, адами және ақпараттық активтерді қорғау, оның ішінде: - күзетілетін Объектіде өткізу және объектішілік режимдерін қамтамасыз ету; - тауарлық-материалдық құндылықтар мен құжаттарды алып кіру/әкелу (алып шығару/әкету) процесін бақылау; - барынша ықтимал қауіптер мен тәуекелдер туындаған жағдайда іс-қимылдарды білу және орындау; - қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету; - Тапсырыс беруші жұмыскерлері мен келушілерінің өмірі мен денсаулығын құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау; - Объект аумағын патрульдеу, конструкцияларды, ғимараттар мен үй-жайларды тексеру; - жеке қауіпсіздік шараларын сақтау; 3) адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті, сондай-ақ Тапсырыс берушіге материалдық немесе өзге де залал келтіруі мүмкін жағдайларды уақытылы анықтау; 4) күзету үдерісін диспетчерлендіруді ұйымдастыру, оның ішінде: - төтенше жағдайлар туралы ақпаратты жинау және құжаттау; - күзетілетін Объектіге қызмет көрсететін сервистік қызметтермен өзара іс-қимыл жасау; - Тапсырыс берушінің Объектісінде туындаған дабылдық оқиғаларды мониторингілеу; - шарттық міндеттемелерді қамтамасыз ету аясында мердігерлік ұйымдардың диспетчерлік қызметтерімен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кезекші бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау; - Тапсырыс берушінің жалпы қауіпсіздік бөлімшесін ақпараттық қамтамасыз ету. 5) арнайы міндеттер: - Объект аумағында орын алған және Қызметтерге (қауіпсіздік, күзет қызметі және т.б.) қатысты барлық оқиға бойынша жазбаша түрде мәліметтер жинау, соның ішінде оқиғаның орны мен уақытын, қатысқан жұмыскерлерді, оқиғаның сипаттамасын, қабылданған шараларды және осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау жөніндегі ұсынымдарды көрсету; - күзетілетін Объектіде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына жәрдем көрсету (өрт сөндірудің алғашқы құралдарын пайдалана білу); - Тапсырыс

	берушінің күзетілетін Объектісі аумағында автокөлік тұрағын реттеу; - адамдарды эвакуациялау кезінде алғашқы кезектегі шараларды іске асыруға қатысу, өрт дерегі бойынша Тапсырыс берушінің персоналымен, Объектінің жалпы қауіпсіздік департаментімен және әкімшілік бірлігімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; - Тапсырыс берушінің мүлкіне және/немесе Тапсырыс берушінің объектісі аумағындағы жеке тұлғаларға қатысты жасалған, мүмкін немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; - оқиға орын алған жағдайда оның салдарын жоюға, залалды айқындауға және тауарлық-материалдық құндылықтардың қалдықтарын есепке алуға қатысу, сондай-ақ құқық қорғау органдары келгенге дейін оқиға болған жердің қол сұқпаушылығын және айғақтардың сақталуын қамтамасыз ету; - Тапсырыс беруші Объектісінің аумағында қылмыстық және өзге құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша шараларды қамтамасыз ету; - Тапсырыс беруші Объектісіне шабуыл жасалған жағдайда осы әрекеттердің жолын кесу және ықтимал теріс салдарларға жол бермеу үшін қаруды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы құралдарды қолдануға дейін жан-жақты шаралар қабылдау; - күзет қызметімен ұштасатын өзге де әрекеттерді жүзеге асыру. 3. Қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар 1) Өнім беруші объектішілік және өткізу режимі ережелерін, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғаныс нормаларын, Тапсырыс берушінің ішкі регламенті мен бұйрықтарын қатаң сақтауға тиіс. 2) Өнім берушінің мыналарды қамтамасыз ету және ұсыну үшін ресурстары болуы қажет: - техникалық ерекшелікке 1-қосымшаға сәйкес күзет орындарын қою. №1 қосымша техникалық ерекшеліктің ажырамас бөлігі болып табылады. - Қызмет көрсету үшін тартылатын Өнім беруші жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығын міндетті сақтандыру; -құжаттамалық түрде тіркелген бұзушылықтар, белгіленген талаптарға сәйкес келмеу немесе өзге де негізделген мән-жайлар болған жағдайда жұмыскерді ауыстыру; - көпшілік іс-шаралар өткізу кезінде Объектілерді күзетуді күшейту; - күзетілуі тиіс аумақтар мен ғимараттарды екі сағатта кемінде бір рет патрульдеу, жабдықтың сақталуын қамтамасыз ету; Объектінің стационарлық және айналма күзет орындарында қызмет көрсету режимі: Күзетілетін аумақтағы техникалық құрылыстар мен объектілерге қатысты (қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылданған) құқыққа қарсы іс-қимылдар жасауға немесе оларды жасауға даярлауға талпыныстардың жолын кесу мақсатында оны айналып қарап шығу және объектідегі жағдайдың жай-күйін байқау арқылы қызмет көрсетудің тәулік бойы режимі, күзетілетін аумақтың шегінде кезекшілік кезеңінде тұрақты болатын вахталық әдіс, сондай-ақ күзетілетін аумақтағы (қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылданған) объектілерге қатысты күзетілетін учаскедегі және іргелес аумақтардағы өрттер туралы хабарлау және алғашқы немесе қолда бар құралдармен сөндіру бойынша шаралар қабылдау; - норматив - тәулік бойы әрбір күзет орнына 4,5 бірлік штаттағы қызметкерден аспайды

	(«Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің адам саны нормативін бекіту туралы» ҚР ІІМ 23.09.2024 ж. № 711 бұйрығы). Қызмет көрсету кезінде күзеттік іс-шараларды жүзеге асыру аясында күзет орындары: - Тапсырыс беруші тиісті режим белгілеген стационарлық объектілердегі рұқсатнама режимін; - Тапсырыс беруші белгілеген үлгідегі материалдық рұқсатнама бойынша Объектіге тауарлық-материалдық құндылықтарды алып кіру және алып шығу (әкелу және әкету) тәртібін, сондай-ақ күзетілетін аумаққа автокөлік құралдарының кіруін бақылауды; - тиісті кіру құқығы жоқ адамдардың күзетілетін аумаққа рұқсатсыз кіруінің жолын кесуді (мұндай адамдардың кіруі рұқсат құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады) қамтамасыз етеді. Жасақ құрамына кірісетін күзетшілерді ауыстыру кестеге сәйкес орналасқан жерінде жүргізіледі. Негізгі қызметпен байланысты міндеттерден басқа күзетшілердің міндетіне күзетілетін объектілердегі және іргелес аумақтағы өрттер туралы міндетті түрде хабарлау, адамдарды, мүлікті құтқару және өртті сөндірудің бастапқы құралдарымен сөндіру жөнінде қолдан келген шараларды қабылдау кіреді. Өнім берушінің күзет қызметкерлері объектіні күзету кезінде объект күзетшісінің лауазымдық нұсқаулығын, сондай-ақ өткізу және объектішілік режим жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алуға тиіс. Әрбір стационарлық және аралап қарау күзет орындарында олардың қызметін бақылау үшін міндетті түрде белгіленген үлгідегі құжаттама жүргізіледі. Өткізу режимін қамтамасыз етуге және техникалық тексеріп-қарауға қойылатын талаптар 1. Талаптар объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты, өткізу режимін қамтамасыз ету қажеттілігі және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 334-НҚ бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың ережелері ескеріле отырып белгіленді. 2. Көрсетілген Нұсқаулықтың 11, 20, 78, 80 және 82-тармақтарына сәйкес Өнім беруші өткізу режимін қамтамасыз етуге, объектіге алып кіруге тыйым салынған заттар мен бұйымдарды анықтауға, сондай-ақ белгіленген талаптарға сәйкес келетін рентген-телевизиялық қондырғыны (интроскопты) қоса алғанда, тексеріп-қараудың техникалық құралдарын пайдалануға міндетті. 3. Өнім беруші қызметтер көрсетудің барлық кезеңінде қажетті жабдықтың болуын меншік құқығы, жалдау немесе өзге де заңды негізде өз бетінше қамтамасыз етуге, оның ішінде жабдықты жеткізуге, орнатуға, техникалық қызмет көрсетуге және жұмысқа жарамды күйде ұстауға міндетті. 4. Өнім беруші жабдықты пайдалануға және шартта көзделген тексеріп-қарау жөніндегі іс-шараларды орындауға даярланған жұмыскерлердің болуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы міндетті болған жағдайда, қызметтердің тиісті түрін қамтитын күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның және өзге де рұқсат беру құжаттарының болуын қамтамасыз етуге міндетті. 5. Жабдықты ұсынуға және пайдалануға, жұмыскерлерді даярлауға және көрсетілген

	іс-шараларды орындауға арналған шығыстарды Өнім беруші баға ұсынысын қалыптастыру кезінде ескереді және шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құнына енгізеді. 6. Көрсетілген талаптар объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және заңнамада көзделген өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау қажеттілігіне байланысты белгіленген. Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты Тапсырыс беруші үшін қажетті қауіпсіздік шараларын және сатып алынатын қызметтердің тиісті сипаттамаларын айқындауға негіз болып табылады. Объектіні күзету бойынша қызметтер көрсету мыналарды қамтамасыз етуге тиіс: 1. «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзет функцияларын орындауды қоса алғанда, күзеттік қызметті реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау. 2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Өнім беруші күзет функцияларын орындауға рұқсат берген тұлғалардың объектіні күзетуді қамтамасыз етуі. 3. Қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтарды болдырмау және эвакуация мен өртті қоса алғанда, штаттан тыс және төтенше жағдайларға ден қою жөніндегі функцияларды орындау үшін жеткілікті көлемде Өнім беруші дайындаған қызметкерлердің күзеттік іс-шараларды орындауы. 4. Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес қызметтер көрсету кезінде Өнім беруші пайдаланатын арнайы құралдар мен жабдықты қолдану. 5. Күзеттік іс-шараларды жүзеге асыруға тартылатын тұлғалар үшін қолданыстағы медициналық жарамдылық талаптарына сәйкес келетін қызметкерлердің күзет функцияларын орындауы. 6. Күзетке тартылған қызметкерлердің Тапсырыс берушінің келушілерімен, өкілдерімен және объектідегі өзге де адамдарымен дұрыс әрі нормативті өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуі. 7. Қолданыстағы заңнамада көзделген өкілеттіктер шегінде объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қолдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру; 8. Объектіге тыйым салынған нәрселер мен заттарды әкелуге жол бермеу, сондай-ақ қауіпсіздікке төнген өзге де қатерлердің алдын алу бойынша шаралар қабылдау. 9. Ұсынылатын қызметтер шегінде Тапсырыс берушінің сахналық жабдығы, мүлкі және материалдық құндылықтарының сақталуы. 10. Күзетілетін объектіде үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген материалдық залалды, жеке күзет ұйымына жауапкершілік жүктеуге негіздер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде жеке күзет ұйымының жауапкершілігін сақтандыру туралы қолданыстағы шарт болған кезде сақтандыру төлемі есебінен өтеу жүзеге асырылады. Өнім беруші тамақ ішуге арналған жағдайларды және алғашқы медициналық көмек қобдишаларымен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді қоса алғанда, қызмет өткеру орындарында жұмыскерлер үшін тиісті қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға тиіс. Өнім беруші тарапынан көрсетілетін күзет қызметтерінің сапасын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі талаптар, оның ішінде: - Өнім берушінің Қызметтер көрсету тәртібі мен тәсілдерін реттейтін құжаттарды әзірлеу,

	Тапсырыс берушімен келісу және жүргізуді бақылау (Өнім беруші жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары, күзет объектісін күзету жөніндегі нұсқаулық, қызметкерлер жұмысын есепке алу табелі, күзетшілердің кезекшілік кестесі, ғимарат пен аумақты аралап шығу жоспар-кестесі, күзет объектісінің сызбасы, аумақ бойынша автокөлік қозғалысының сызбасы және т.б.); - күзет орындарын орналастыру үшін Тапсырыс беруші берген орынжайларды тиісті санитариялық жай-күйде ұстау, Өнім беруші жұмыскерлерінің ұқыпты сыртқы түрін, жинақылығын және тиісті мінез-құлқын (қызметтік этикасын) сақтау; - Қызметтер көрсетуді тиімді басқару және әкімшілік сүйемелдеу (жұмыс уақытын есепке алу, шот-фактураларды ұсыну және т.б.), оның ішінде Өнім берушінің жұмыскерлерін Қызметтер көрсету тәртібіне оқыту, Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін талаптармен таныстыру және оларды орындау; - Қызметтерді тиісінше көрсету және Тапсырыс беруші талаптарының орындалуын құжаттамалық растауды ұсыну мақсатында Тапсырыс берушімен тұрақты өзара іс-әрекетті жүзеге асыру; - Өнім берушінің оқу базаларында күзет қызметкерлерінің кәсіби даярлығы бойынша тұрақты тренингтер мен оқыту сабақтарын өткізу, оның ішінде иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғылар пайдаланылатын объектіні күзету кезінде атқарылатын іс-қимылдарды оқыту және практикалық пысықтау жұмыстарын жүргізу; - Тапсырыс берушімен келісу бойынша көрсетілетін күзет қызметтерінің сапасын бақылауға ықпал ететін өзге де іс-әрекеттерді орындау.

Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	Шарт жасалғаннан кейін Өнім беруші: 1. Қажетті рентгендік тексеру жабдығының болуын, білікті персоналмен қамтамасыз етілуін және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. 2. Объектінің көше және ішкі бекеттерінде күзет қызметін атқаратын қызметкерлерді бірыңғай үлгідегі арнайы киіммен қамтамасыз етуге міндетті: қара түсті костюм, ақ жейде, қара галстук және айырым белгісі (бейдж), сондай-ақ персоналдың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті. 3. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қолданыстағы лицензиялардың, рұқсаттардың және өзге де міндетті құжаттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті. 4. Күзетілетін объектідегі дабыл сигналдары мен оқиғаларға жедел ден қою мақсатында қаруланған жедел ден қою мобильді топтарының тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету. Топтардың саны, құрамы және қажетті жарақтандырылуы объектінің ерекшеліктерін, тәуекелдерді талдауды және терроризмге қарсы қорғалу жөніндегі қолданыстағы талаптарды ескере отырып, өнім беруші тарапынан дербес айқындалады. 5. Өнім беруші штаттық кезекші диспетчерлік қызметпен, күзет және қауіпсіздік жүйелеріне техникалық қолдау көрсету қызметімен, сондай-ақ дабыл сигнализациясы арқылы Астана қаласы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығымен (ЖБО) өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндетті. 6. Өнім берушінің осы техникалық ерекшелікте белгіленген мерзімдер мен талаптарды сақтамауы оның шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамауы болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарт талаптарында көзделген тәртіппен Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен бұзуына негіз болып табылады.

Приложение 2-3
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Некоммерческое акционерное общество "Государственный театр оперы и балета "Астана Опера"
Наименование организатора	Республиканское государственное учреждение "Комитет государственного казначейства Министерства финансов Республики Казахстан"
Номер лота	87935188
Наименование лота:	Услуги охраны
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	801012.000.000002
Наименование услуги:	Услуги охраны
Единица измерения:	Одна услуга
Количество(объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	173000000.04
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	173000000.04
Срок оказания услуги:	с 1 января по 31 декабря 2027 года
Место оказания услуги:	г.Астана, район Нұра ул. Д. Кунаева,1
Размер авансового платежа:	0
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных	1. Общие сведения о Заказчике Наименование объекта охраны: НАО «Государственный театр оперы и балета «Астана Опера» (далее - Объект), адрес: г. Астана ул.Кунаева д.1 (здание и прилегающая территория). Характеристика Объекта: Объект относится к категории культурных сооружений с массовым пребыванием людей, включающий: • главный холл и кассовую зону; • большой, мраморный и камерный залы, зал “Барокко”; • сцену и закулисные помещения; • репетиционные залы; • административные кабинеты; • складские зоны и производственные цеха; • внешний периметр и прилегающую территорию; • парковочные зоны (открытая и закрытая парковка). Срок оказания Услуг: 12 месяцев. Услуги должны быть оказаны в соответствии с требованиями Законов РК «Об охранной деятельности», «О противодействии терроризму», Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 959 и другими нормативно-правовыми актами, регламентирующих деятельность в сфере оказания охранных услуг. 2. Цели и задачи Поставщика Услуг: 1) обеспечение высокого уровня безопасности охраняемого Объекта в соответствии с требованиями Заказчика; 2) охрана материальных, человеческих и информационных активов, путём: - обеспечения пропускного и внутриобъектового режимов на охраняемом Объекте; - контроля вноса/ввоза (ввоза/вывоза) товарно-материальных ценностей и документов; - знание и исполнение действий при возникновении наиболее вероятных угроз и рисков; - обеспечения поддержания общественного порядка; - защиты жизни, здоровья работников и посетителей Заказчика от противоправных посягательств; - патрулирования территории Объекта, осмотра конструкций, здания и помещений; - соблюдения мер личной безопасности; 3) своевременное выявление ситуаций, опасных для жизни и здоровья людей, а также способных повлечь материальный и иной ущерб Заказчику; 4) организация диспетчеризации охранного процесса, включая: - сбор и документирование тревожных событий; - взаимодействие с сервисными службами, обслуживающими охраняемый Объект; - мониторинг тревожных событий на Объекте Заказчика; - взаимодействие с диспетчерскими службами подрядных организаций, дежурными подразделениями Министерства внутренних дел Республики Казахстан и Комитета национальной безопасности Республики Казахстан в рамках обеспечения договорных обязательств; - информационное обеспечение подразделения общей безопасности Заказчика; 5) специальные задачи: - письменный сбор сведений обо всех инцидентах, произошедших на территории Объекта и касающихся Услуг (безопасности, охранной деятельности и др.) с указанием места и времени инцидента, вовлеченных работников, описания инцидента, принятых мер и рекомендаций по предотвращению повторения подобных инцидентов; - содействие в поддержании требований пожарной безопасности на охраняемом Объекте (умение пользоваться первичными средствами пожаротушения): - регулирование парковки автотранспорта на охраняемой территории Объекта Заказчика; - участие в реализации первоочередных мер при эвакуации людей, обеспечение

	взаимодействия с персоналом Заказчика и департаментом общей безопасности Объекта и административной единицы по факту пожара; - обеспечение взаимодействия с правоохранительными органами по фактам совершённого, возможного или готовящегося посягательства на имущество Заказчика и/или физических лиц на территории объекта Заказчика; - участие в ликвидации последствий, определении ущерба и снятии остатков товарноматериальных ценностей в случае происшествий, а также до прибытия правоохранительных органов, обеспечение неприкосновенности и сохранения улик на месте происшествия; - обеспечение мер по предупреждению и пресечению уголовных и иных правонарушений на территории Объекта Заказчика; - в случае нападения на Объект Заказчика, принятие исчерпывающих мер для пресечения этих попыток и недопущения возможных негативных последствий, вплоть до применения оружия и специальных средств в соответствии с законодательством Республики Казахстан; - осуществление иных действий, сопряженных с охранной деятельностью. 3. Основные требования к оказанию Услуг 1) Поставщик должен строго соблюдать правила внутриобъектового и пропускного режима, нормы пожарной безопасности и антитеррористической защищенности, внутренний регламент и приказы Заказчика. 2) Поставщику необходимо располагать ресурсами для обеспечения и предоставления: - выставления постов охраны, в соответствии с Приложением 1 к технической спецификации. Приложение №1 является неотъемлемой частью технической спецификации. -обязательного страхования жизни и здоровья работников Поставщика, привлекаемых для оказания Услуг; -замены работника, при документально зафиксированных нарушениях, несоответствии установленным требованиям либо иных обоснованных обстоятельствах; -усиления охраны Объекта при проведении массовых мероприятий; -патрулирования территории, здания и помещений, подлежащих охране, обеспечения сохранности оборудования - не реже одного раза в два часа; Режим оказания Услуг на стационарных и обходных постах объекта: Круглосуточный режим оказания Услуг, вахтовым методом с постоянным нахождением в период дежурства в пределах охраняемой территории путем ее обхода и наблюдения за состоянием обстановки на объекте с целью пресечения попыток совершения или подготовки к совершению противоправных действий в отношении технических сооружений и объектов, находящихся на охраняемом Объекте (принятом по акту приема-передачи), а также сообщение о пожарах на охраняемом участке и на прилегающих территориях и принятие мер по тушению первичными или подручными средствами; - норматив - не более 4,5 единицы штатного сотрудника на каждый круглосуточный пост охраны (Приказ МВД РК от 23.09.2024 г. № 711 «Об утверждении норматива численности работников частных охранных организаций»), В рамках осуществления охранных мероприятий при оказании Услуг постами охраны обеспечивается: - пропускной режим на стационарных объектах, где Заказчиком установлен соответствующий режим; - контроль за порядком ввоза и вывоза (вноса и выноса)

	на Объекте товарно-материальных ценностей по материальным пропускам установленной Заказчиком формы, а также за въездом автотранспортных средств на охраняемую территорию; - пресечение несанкционированного проникновения на охраняемую территорию лиц, не имеющих соответствующего права доступа (доступ таких лиц осуществляется согласно пропускным документам). Смена заступающих в состав наряда охранников производится на месте дислокации в соответствии с графиком. Кроме обязанностей, связанных с основной деятельностью в обязанности охранников, входит обязательное информирование о пожарах на охраняемых объектах и прилегающей территории, принятие посильных мер по спасению людей, имущества и тушению пожаров первичными средствами пожаротушения. Сотрудники охраны Поставщика при осуществлении охраны объекта должны руководствоваться должностной инструкцией сотрудника охраны объекта, а также инструкцией по пропускному и внутриобъектовому режиму. На каждом стационарном и обходном постах охраны для контроля за их деятельностью в обязательном порядке ведется документация, установленного образца. Требования к обеспечению пропускного режима и техническому досмотру 1. Требования установлены с учётом паспорта антитеррористической защищённости объекта, необходимости обеспечения пропускного режима и положений Инструкции по организации антитеррористической защиты объектов, уязвимых в террористическом отношении, осуществляющих деятельность в сфере культуры, утверждённой приказом Министра культуры и информации Республики Казахстан от 31 июля 2024 года № 334-НҚ. 2. В соответствии с пунктами 11, 20, 78, 80 и 82 указанной Инструкции Поставщик обязан обеспечить пропускной режим, выявление предметов и веществ, запрещённых к проносу на объект, и использование технических средств досмотра, включая рентгенотелевизионную установку (интроскоп), соответствующую установленным требованиям. 3. Поставщик обязан самостоятельно обеспечить предоставление необходимого оборудования на весь период оказания услуг на основании права собственности, аренды или иного законного основания, включая доставку, установку, техническое обслуживание и поддержание оборудования в работоспособном состоянии. 4. Поставщик обязан обеспечить наличие работников, подготовленных к эксплуатации оборудования и выполнению предусмотренных договором мероприятий по досмотру, а также наличие лицензии на охранную деятельность с соответствующим видом услуг и иных разрешительных документов, если их наличие обязательно в соответствии с законодательством Республики Казахстан. 5. Расходы на предоставление и эксплуатацию оборудования, подготовку работников и выполнение указанных мероприятий учитываются Поставщиком при формировании ценового предложения и включаются в стоимость услуг по договору. 6. Указанные требования обусловлены необходимостью обеспечения антитеррористической защищённости объекта и исполнения предусмотренных законодательством мероприятий по пропускному режиму. Паспорт антитеррористической защищённости объекта

	используется Заказчиком в качестве основания для определения необходимых мер безопасности и соответствующих характеристик закупаемых услуг. Оказание услуг по охране объекта должно обеспечивать: 1. Соблюдение требований законодательства Республики Казахстан, регулирующего охранную деятельность, включая выполнение функций охраны в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об охранной деятельности». 2. Обеспечение охраны объекта лицами, допущенными Поставщиком к выполнению охранных функций в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. 3. Исполнение охранных мероприятий персоналом, подготовленным Поставщиком, в объёме, достаточном для выполнения функций по поддержанию общественного порядка, предотвращению правонарушений и реагированию на нештатные и чрезвычайные ситуации, включая эвакуацию и пожар. 4. Применение специальных средств и оборудования, используемых Поставщиком при оказании услуг, в соответствии с установленными законодательством требованиями. 5. Исполнение охранных функций персоналом, соответствующим требованиям медицинской пригодности, действующим для лиц, привлекаемых к осуществлению охранных мероприятий. 6. Обеспечение корректного и нормативного взаимодействия персонала, задействованного в охране, с посетителями, представителями Заказчика и иными лицами, находящимися на объекте. 7. Реализацию мероприятий по поддержанию антитеррористической безопасности объекта в пределах полномочий, предусмотренных действующим законодательством. 8. Принятие мер по недопущению проноса на объект запрещённых предметов и веществ, а также предупреждению иных угроз безопасности. 9. Обеспечение сохранности сценического оборудования, имущества и материальных ценностей Заказчика в пределах предоставляемых услуг. 10. Возмещение материального ущерба, причинённого Заказчику в результате противоправных действий третьих лиц на объекте охраны, при наличии оснований для возложения ответственности на частную охранную организацию, осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан, в том числе за счёт страхового возмещения при наличии действующего договора страхования ответственности частной охранной организации. Поставщик должен создавать надлежащие безопасные условия труда для работников в местах несения службы, включая условия для приема пищи и обеспечение аптечками первой медицинской помощи, средствами индивидуальной защиты. Требования по осуществлению со стороны Поставщика контроля качества оказываемых охранных услуг, в т.ч. путем: - разработки, согласования с Заказчиком и контроля ведения документов, регламентирующих порядок и способы оказания Поставщиком Услуг (должностные инструкции работников Поставщика, инструкция по охране объекта охраны, табель учета работы персонала, график дежурства охранников, план-график обхода здания и территории, схема объекта охраны, схема движения автотранспорта по территории и т.д.); - поддержания в надлежащем санитарном состоянии предоставленных Заказчиком помещений для размещения постов

	охраны, опрятного внешнего вида, выправки и поведения (служебной этики) работников Поставщика; - эффективного управления и административного сопровождения оказания Услуг (учёт рабочего времени, выставление счетов-фактур и т.д.), в том числе через обучение работников Поставщика порядку оказания Услуг, ознакомление и выполнение требований, установленных во внутренних документах Заказчика и регламентирующих вопросы обеспечения безопасности; - осуществления постоянного взаимодействия с Заказчиком в целях должного оказания Услуг и предоставления документального подтверждения выполнения требований Заказчика; - проводит регулярные тренинги и обучение профессиональной подготовки работников охраны на учебных базах Поставщика, включая обучение и практическую отработку действий при охране объекта, на котором эксплуатируются приборы и установки, генерирующие ионизирующее излучение; - выполнения по согласованию с Заказчиком иных действий, способствующих контролю качества оказываемых охранных услуг.
Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)	После заключения договора Поставщик обязан: 1. Обеспечить наличие необходимого рентгеновского досмотрового оборудования, квалифицированного персонала и его работу в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан. 2. Обеспечить охрану объекта на уличных и внутренних постах унифицированной форменной одеждой: костюм черного цвета, белая рубашка, черный галстук, отличительный знак (бейдж), а также обеспечить соответствие персонала требованиям законодательства Республики Казахстан. 3. В течение всего срока действия договора обеспечивать наличие действующих лицензий, разрешений и иных обязательных документов. 4. Обеспечить круглосуточное дежурство вооруженных мобильных групп быстрого реагирования для оперативного реагирования на сигналы и происшествия на охраняемом объекте. Количество, состав, а также необходимое оснащение группы определяется поставщиком самостоятельно, с учетом характеристик объекта, анализа рисков и действующих требований к антитеррористической защищенности. 5. Поставщик обязан взаимодействовать со штатной дежурной диспетчерской службой и службой технической поддержки систем охраны и безопасности, а также с ЦОУ ДП г.Астаны (Центр Оперативного Управления), через тревожную сигнализацию. 6. Несоблюдение Поставщиком установленных настоящей технической спецификацией сроков и требований является ненадлежащим исполнением договорных обязательств Поставщика и является основанием для расторжения Договора в одностороннем порядке Заказчиком в порядке, предусмотренным законодательством Республики Казахстан и условиями Договора.